



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

**АУДАРМАДАҒЫ ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ГРАММАТИКАЛЫҚ
ТРАНСФОРМАЦИЯЛАР****Амангельды Асия Сенбайқызы**assiya.gc@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джабашева Б.М.

«Аударма» сөзі бірнеше мағынаны қамтиды. Д. Н. Ушаковтың редакциясымен жазылған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде» аударма сөзіне бес түрлі анықтама берілген. Оның ішінде бір тілден екінші тілге аударма үдерісіндегі «аудару» сөзіне тоқталсақ, бұл орайдағы «аударма» сөзі екі түрлі мағына береді. Біріншіден, «Аударма – белгілі бір үдерістің нәтижесі» ретінде қарастырылады, яғни аударылып қойылған мәтін дегенді білдіреді. Екіншіден, «Аударманың өзін үдеріс ретінде», яғни етістіктің «аудару» деген әрекетінен, бірінші мағынадағыдай аударма мәтіні шығады [1]. Осы екінші мағынадағы «аударма» терминді біз негізгі етіп ұстанамыз. «Үдеріс» деген термин бір тілдің мәтінінен екінші бір тілдің мәтініне тілаларлық түрлендіруді немесе құбылтуды қамтитынын да ескереміз.

Аударма процесін сипаттау шеңберінде аудармалық трансформация статистикалық жағынан, яғни бастапқы тіл бірліктерімен олардың сөздіктегі сәйкес келушілігінің арасындағы қатынасты талдау емес, динамикалық жағынан, яғни аударма тәсілі ретінде, аудармашы әртүрлі оригиналды аудару кезінде сөздік сәйкестігі жоқ, контекст бойынша қолдануға келмейтін жағдайда қолдана алатын аударма тәсілі ретінде қарастырылады. Бастапқы тіл бірліктерінің сипатына қарай аудармалық өзгертулер лексикалық және грамматикалық болып 2-ге бөлінеді. Сонымен бірге күрделі лексика-грамматикалық өзгертулер, яғни бір мезгілде оригиналдың лексикалық және грамматикалық өзгерту немесе деңгей аралық, яғни лексикалық бірліктен грамматикалық бірлікке не керісінше грамматикалық бірліктен лексикалық бірлікке өту түрі болады.

Бірінші кезекте аудармада кеңінен қолданылатын лексикалық трансформациялар туралы қарастырайық. Я.И.Рецкердің айтуынша, лексикалық трансформациялар дегеніміз шет тілдегі сөз мағынасын контекстте ашып, оған сәйкес, сөздіктегі мағынасына келмейтін түрін табуға көмектесетін логикалық ойлаудың тәсілдері.

Ал Латышев Л.К. өзінің «Курс перевода» атты еңбегінде лексикалық трансформацияларға «сөздіктегі анықтамадан ауытқу» деген анықтама береді. Кез келген сөз, яғни лексикалық единица – тілдің лексикалық жүйесінің бөлігі. Тілдердегі сөздердің семантикалық құрылысының әр түрлілігі осымен түсіндіріледі.

Лексикалық трансформацияларды қолданудың түрлі себептері бар. Ең біріншіден, түпнұсқа мен аударма тіліндегі сөздің негізіне салынған түрлі ерекшеліктер. Яғни, бұл түрлі мәдениеттерде бірдей құбылысты әр түрлі атау. Екіншіден, сөздің мағыналық көлеміндегі айырмашылық. Түпнұсқа және аударма тілдерінде бірдей мағынаға ие сөздер жоқ. Ол сөздің тілдегі түрлі қызметіне, қолданылуына байланысты. Үшіншіден, сөздердің тіркесімділігіндегі айырмашылық. Бұл сөздердің бір-бірімен кез келген тәртіппен байланысуы, бір-бірімен қолдануы [2].

Дифференциация түпнұсқа тілінде кең семантикаға ие, аударма тілінде баламасы жоқ кездегі аудармаға байланысты. Осындай мысалды қарастырайық: Affection is the best substitute of love. Сөздіктегі ешқандай балама сәйкес келмейді: бауыр басу, махаббат, жақсы көру. Оны «жан жарасымы» деп аударуға болады.

Нақтылау дегеніміз түпнұсқа тіліндегі кең мағыналы лексикалық бірлікті аударма тіліндегі тар мағыналы лексикалық бірлікпен алмастыру. Нақтылау әрқашан дифференциациямен бірге жүреді. Нақтылауға негізінен: to get, to go, to come, to say

етістіктері келеді. Мысалы: Have you had your meal? – Сіз таңғы асыңызды іштіңіз бе? Осы мысалда ағылшын тілінде meal сөзі қолданылды, дәл қай ас екені көрсетілмеді. Ал аудармада бұл астың нақты таңғы ас екені көрініп тұр.

Жалпылау деп түпнұсқа тіліндегі тар мағыналы лексикалық бірлікті аударма тіліндегі кең мағыналы лексикалық бірлікпен алмастыруды айтамыз. Мысалы: I saw a man 6 feet 2 inches tall. Мен бойы ұзын ер адамды көрдім. Түпнұсқа тілінде нақты берілген сандар аудармада түсіріліп, тек жалпылай адамның бойы ұзын екендігі ғана айтылған.

Мағыналық даму (модуляция) дегеніміз – бастапқы тілдің сөздері мен сөз тіркестерін аударма тіліндегі, яғни мағыналары логикалық түрде бастапқы тілдің бірліктеріне шығатын бірліктермен ауыстыру өте жиі аударма мен түпнұсқаның сәйкес келетін сөздерінің мағыналары себеп – салдарлық қатынасы байланыста болады: I don't blame them. Мен оларды түсінемін. Мен оларды кінәламаймын, себебі мен оларды түсінемін. Себеп-салдармен ауыстырылып отыр.

He always made you say everything twice. – Ол үнемі бір нәрсені қайта сұрайтын. (Сіздің айтқаныңызды қайталауға тура келетін, себебі ол қайта сұрайтын). Модуляция тәсілін қолдануда себеп – салдарлық қатынас үлкен мәнге ие, бірақ дегенмен логикалық байланыс әрқашан сақталады.

Антонимдік аударма тәсілі дегеніміз аудармада оригиналдың болымды формасы аударма тілінің болымсыз формасымен немесе керісінше, болымсыз мағынаның болымды мағынамен ауыстырылуы бастапқы тілдің лексикалық бірліктерін аударма тілінің қарама-қарсы мағыналы формаларымен ауысатын лексикалық – грамматикалық ауыстыру [3].

Nothing changed in my hometown. Менің туған қаламда барлығы сол қалыпты қалған.

Ағылшын – қазақ аудармасында бұл ауыстырудың түрі өте жиі қолданылады, себебі оригиналда болымсыз форма болымсыз префикспен келген сөздермен қолданылады. Мысалы: She is not unworthy of your attention. Ол сенің назарына лайық. Оригиналда болымсыз форма қолданса, аудармада дәл сол мағына болымды формамен берілген.

Сонымен бірге болымсыз шылаулар until және unless пен келген болымсыз формада осы ауыстыруға жатады: The United States did not enter the war until April 1917. – АҚШ соғыста 1917 жылдың сәуірінен бастап қана қатысты.

Сипатталы аударма – түпнұсқа тіліндегі лексикалық бірлік аударма тілінде оның мағынасын ашып беретін сөз тіркесімен алмастырылатын аударма тәсілі. Эквивалентсіз лексиканы аудару кезінде қолданылады.

Мысалы: zapping – теледидар қарап жатқан кезде жарнаманы көрмес үшін бір каналдан екінші каналға тез-тез ауысу. Көрініп тұрғандай, ағылшын тілінде берілген ұғымды бір сөзбен айтатындай қазақ тілінде сөз жоқ. Сондықтан оны сипаттау үшін тіпті сөйлемді қолданамыз.

Толық өзгерту дегеніміз – мағыналық дамудың түрі, бірақ оның түпнұсқа мен аударма тілдеріндегі сөздермен логикалық байланысы аздау болады. Бұл жағдайға байланысты эквивалентті аударма тәсілі бар. Осы тәсілді қолданып, көптеген клише мен тұрақты қатынас тіркестері аударылған. Мысалы: Help yourself. – Дәм татыңыз. Ағылшын тіліндегі help сөзі қазақ тілінде көмек деген сөзге сәйкес келеді. Бірақ, түпнұсқада ол yourself есімдігімен келгендіктен, мағынасы толық өзгеріп кетеді. Осы жерде шет тілді жақсы түсіну дағдысы керек, әйтпесе аударманы дұрыс емес беру әбден мүмкін.

Компенсация – аударма кезінде жоғалып кеткен мағына элементтері аударма мәтінінде басқа бір құралдармен берілетін аударма тәсілі. Сонымен қатар, ол сөйлемдегі орнын да ауыстыра алады. Мысалы: Just wait till Christmas Holidays. – Қысқы демалысқа дейін күте тұр.

Енді грамматикалық трансформацияларды қарастырайық.

Грамматикалық трансформациялар – аударма тілінің ережелеріне сәйкес сөйлем құрылысын түрлендіру. Ең біріншіден, ол сөйлемді толық қайта құру деген сөз. Яғни сөйлем мүшелерінің орнын алмастыру және т.б. Грамматикалық трансформациялар лексикалық деңгейде де, синтактикалық деңгейде де жүреді [4].

Грамматикалық категорияны алмастыру. Мысалы: They left the room with their heads held high. – Олар бөлмеден басын көкке көтеріп шықты. Осы мысалда оригиналда берілген грамматикалық категория аудармада басқа категориямен алмастырылған.

Сөз табын алмастыру дегеніміз - оригиналда бір сөз табымен берілген сөзді аударма тиімділігі мақсатымен аудармада басқа сөз табымен беру. Мысалы: He kept obstinate silence. – Ол еш нәрсе айтпады. Мысалда түпнұсқа тіліндегі зат есім аудармада етістікпен алмастырылып тұр.

Сөйлем мүшесін алмастыру. Негізінен пассивті активпен алмастырған кезде орын алады. Мысалы: John got worked up when they blamed him for losing the game. – Джон ұтылып қалғандары оның кесірінен дегенге қатты ашуланды. Бұл трансформация түрі өте жиі қолданыла бермейді.

Позициялық трансформация деп сөйлемдегі сөз тәртібін өзгертуді айтады. Мысалы: Firms producing electronic equipment will take part in the work of this exhibition. – Электрондық жабдықтама дайындайтын фирмалар осы көрме жұмысында атсалысады. Грамматикалық трансформацияның осы түрі аударма құлаққа жағымды естілу үшін қолданылады.

Сөйлемді іштей бөлу. Кейбір сөйлем бөліктері аудармада үтірлермен белгіленеді. Бұл ағылшын тілінде инфинитивтік, есімшелік, герундийлік орамдарының болуына байланысты. Мысалы: The professor entered the room, the assistant following him. – Профессор бөлмеге кірді, көмекші оның артынан кірді. Яғни, осы мысалда сөйлемнің екінші бөлігі есімшелік орам болып тұр, аудармада ол екі жай сөйлемнен тұратын құрмалас сөйлем түрінде берілді.

Сөйлемді сырттай бөлу. Түпнұсқа тіліндегі бір сөйлем аударма тілінде 2-3 сөйлем түрінде беріледі. Осы трансформация түрін қолдану семантикалық және синтаксистік себептерге байланысты. Осындай мысалды қарастырайық: Mist covered a calm sea in the Straits of Dover yesterday. Кеше Па-де-Кале бұғазында тұман болды. Теңіз тынық болды. Трансформацияның осы түрі сөйлемді іштей бөлуге қарама-қарсы болып тұр, яғни түпнұсқадағы құрмалас сөйлем аудармада екі жай сөйлеммен берілді.

Сөйлемдерді қосу. Түпнұсқа тіліндегі 2-3 сөйлемге аударма тілінде бір сөйлем сәйкес келеді. Мысалы: Thousands have died and millions have become refugees. None of whom has ever seen a diamond. Мыңдаған адамдар қайтыс болды және миллиондаған адам босқын болды, олардың ешқайсысы дауһар тастарды көрмеді. Түпнұсқадағы барлық сөйлемдер аудармада бір сөйлеммен берілгенімен, мағына және негізгі ой сақталған.

Осылайша аудармада лексикалық және грамматикалық трансформацияларды қолдану аударманың нақты әрі сапалы болуына септігін тигізіп, аудармашы жұмысын тиянақты орындауына көмегін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бархударов Л.С. Язык и перевод (Вопросы общей и частной теории перевода). – М.: Междунар. отношения, 1975.
2. Коржова С.Б. Теория перевода. – Тюмень, 2007.
3. Виноградов В.С. Перевод: Общие и лексические вопросы. – М.: КДУ, 2004. – 240 с.
4. Аполлова М.А. Грамматические трудности перевода. – М.: Высшая школа, 1980. – 325 с.